Әділет

# Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 қарашадағы N 1121 Қаулысы . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.12.11. N 1222 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.12.11. N 1222 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны осы қаулыға қосымшаға сәйкес сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар баспа өнімін беруші болып белгіленсін.

2. Тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көп пайызы немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен аффилиирленген заңды тұлғалар (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен осы қаулыға қосымшада көрсетілген баспа өнімін мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

осы қаулыға сәйкес сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 10 қарашадағы
N 1121 қаулысына
қосымша

**Сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар баспа өнімінің тізбесі**

1. Визалық жапсырмалар.

2. Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктің бланкілері - куәліктер:

1) тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы;

2) бала асырап алу туралы;

3) әке болуды анықтау туралы;

4) некенің бұзылуы туралы;

5) тууы туралы;

6) некеге тұру туралы;

7) қайтыс болғандығы туралы.

3. Астық қолхаттары - астық қабылдаушы кәсіпорын беретін, астық иесінен астықты сақтауға қабылдап алғанын растайтын екі жақты қойма куәлігі.

4. Әскери билеттер.

5. Негізгі жалпы білім туралы куәлік.

6. Негізгі жалпы білім туралы үздік үлгідегі куәлік.

7. Негізгі жалпы білім туралы куәлікке қосымша.

8. Орта жалпы білім туралы аттестат.

9. Орта жалпы білім туралы үздік үлгідегі аттестат.

10. Орта жалпы білім туралы "Алтын белгі" аттестат.

11. Орта жалпы білім туралы аттестатқа қосымша.

12. Білім алуды аяқтамаған азаматтарға берілетін анықтама.

13. Ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты.

14. Мемлекеттік аралық бақылау сертификаты.

15. Кешенді тестілеу сертификаты.

16. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсынан өткені туралы сертификат.

17. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің педагогикалық қызметкерлеріне біліктілік санаттарын беру туралы куәлік.

18. Кәсіптік бастауыш білім беретін оқу орындарында даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарының куәлігі.

19. Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кәсіптері (мамандықтары) бойынша кәсіптік дайындығының деңгейін растау және біліктілік беру туралы сертификат.

20. Кәсіптік бастауыш білім туралы диплом.

21. Кәсіптік бастауыш білім туралы үздік үлгідегі диплом.

22. Кәсіптік бастауыш білім туралы дипломға қосымша.

23. Кәсіптік орта білім туралы диплом.

24. Кәсіптік орта білім туралы үздік үлгідегі диплом.

25. Кәсіптік орта білім туралы дипломға қосымша.
26. Арнаулы жоғары білім туралы диплом.
27. Арнаулы жоғары білім туралы үздік үлгідегі диплом.
28. Арнаулы жоғары білім туралы дипломға қосымша.
29. Кәсіптік жоғары білім туралы диплом.
30. Кәсіптік жоғары білім туралы үздік үлгідегі диплом.
31. Кәсіптік жоғары білім туралы дипломға қосымша.
32. Жоғары ғылыми-педагогикалық білім туралы диплом.
33. Жоғары ғылыми-педагогикалық білім туралы үздік үлгідегі диплом.
34. Жоғары ғылыми-педагогикалық білім туралы дипломға қосымша.
35. Интернатураны бітіргені туралы куәлік.
36. Клиникалық ординатураны бітіргені туралы куәлік.
37. Ассистентура-тағылымдаманы бітіргені туралы куәлік.
38. Ғылым кандидатының дипломы.
39. Ғылым докторының дипломы.
40. Ғылым кандидатының дипломы (қайта аттестаттау).
41. Доценттің аттестаты.
42. Профессордың аттестаты.
43. Чек кітапшалары.
44. Бағалы қағаздардың бланкілері.
45. Вексельдердің бланкілері.
46. Темір жол көлігінде жүк тасымалдауын есепке алуға арналған қатаң түрдегі есепке алу бланкілері.
47. Уәкілетті мемлекеттік органдар беретін лицензиялардың бланкілері.
48. Уәкілетті мемлекеттік органдар беретін лицензияларға қосымшалардың бланкілері.
49. Мемлекеттік емес ғылыми ұйымды аккредиттеу туралы куәлік.
50. Куәлік (шетелдік дипломның қазақстандық дипломға баламалылығы туралы).
51. Офицерлердің жеке басын куәландыратын куәлігі.
52. Медальдарға куәліктер.
53. Әскери тасымалдау құжаттары - 1-нысанды талап, 2-нысанды талап-жүк құжаты, 3-нысанды талап, багаж талоны.
54. Аңшы куәлігі.
55. Жануарлар әлемін пайдалануға арнайы рұқсаттардың бланкілері.
56. Жануарлар әлемін пайдалануға маркалар-рұқсаттар.
57. СИТЕС Әкімшілік органының Қазақстан Республикасындағы рұқсаттарының бланкілері.
58. Ағаш кесу билеті.

59. Орман билеті.

60. Ішкі және сыртқы нарықтарда балықтың бекіре түрлерінің уылдырығымен сауда жасауға арналған маркалар.

61. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау уәкілетті органы беретін хабарламалардың бланкілері.

62. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бланкілері.

63. Табиғатты пайдалануға берілген рұқсаттардың бланкілері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК